



"Қазақстан және Орталық Азия тарихы институты"  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Scientific Journal

"CENTRAL ASIAN COURIER"

"ОРТАЛЫҚ АЗИЯ КУРЬЕРІ"

ғылыми журналды

Научный журнал

"ЦЕНТРАЛЬНО-АЗИАТСКИЙ КУРЬЕР"

2 № 1 (2026)



**EDITOR-IN-CHIEF**

**Zhumatay Samat** — General Director of the Institute of History of Kazakhstan and Central Asia (Kazakhstan).

**Azmukhanova Aiman** — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor (Kazakhstan).

**Deputy Editor-in-Chief:**

**Cherepanov Konstantin** — Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher, Head of the Department of the History of Kazakhstan in the 20th Century at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Committee of Science, Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan).

**EDITORIAL BOARD:**

**Abazov Rafis** — PhD, Adjunct Professor, Columbia University; Vice-Rector for International Cooperation, Kazakh National Agrarian Research University; Director, Institute for Green and Sustainable Development; Coordinator, MBA Program.

**Abdyrakhmanov Tolobek** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Kyrgyz Republic, Zhusup Balasagyn Kyrgyz State University (Kyrgyz Republic, Bishkek).

**Abil Yerkin** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan).

**Alimbay Nursan** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

**Auanasova Alima** — Doctor of Historical Sciences, Professor. L. N. Gumilyov Eurasian National University.

**Diener Alexander** — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas, (USA).

**Dzhumashev Askar** — Doctor of Historical Sciences, Professor, and Head of the Department of History at the Karakalpak Scientific Research Institute of Humanities – Karakalpak Branch of the Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan.

**Ismagulov Orazak** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the RK under the President of the RK, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan).

**Kabuldinov Ziyabek** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the RK under the President of the RK, general Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK (Kazakhstan).

**Karasayev Gani** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Institute of State History of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Astana.

**Kokebayeva Gulzhaukhar** — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan).

**Kozhirova Svetlana** — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan).

**Morrison Alexander** — PhD, Professor, University of Oxford (UK).

**Muminov Ashirbek** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Istanbul, Turkey).

**Outram Alan** — Doctor of Archaeological Sciences, Professor of the Department of Archaeology and History, University of Exeter (Great Britain, Exeter).

**Zharken Aigul** — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University.

**Shaydullaev Shapulat** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Department of the History of Uzbekistan at Termez State University.

**Shinji Kato** — PhD, Nara National Research Institute for Cultural Properties, Japan.

**Turdaliev Cholpon** — Doctor of Historical Sciences, Professor at the American University of Central Asia.

**Werner Cynthia** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university (USA).

**Zhomart Simtikov** — Candidate of Historical Sciences, Doctor of Political Sciences, Head of the Department of Political Science and Social-Philosophical Disciplines at Abai Kazakh National Pedagogical University.

**EXECUTIVE EDITOR**

**Tashbaeva Kadicha** — Candidate of Historical Sciences, Head of the Department of Archaeology at the B. Dzhangerchinov Institute of History, Archaeology and Ethnology of the National Academy of Sciences of the Kyrgyz Republic.

**ACADEMIC EDITOR**

**Utgenov Marat** — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Head of the Department of History, Geography and Social and Humanitarian Sciences Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov.

**Mukanova Gulnar** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Leading Researcher of the Astana Branch of the Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology.

**TECHNICAL SECRETARY**

**Kopeyeva Saniya** — Master's degree, staff member of the Institute of the History of Kazakhstan and Central Asia (Kazakhstan).

**БАС РЕДАКТОР**

**Жұматайұлы Самат** — Қазақстан және Орталық Азия тарихы институтының бас директоры (Қазақстан).

**Азмұханова Айман Махсотқызы** — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (Қазақстан).

**Бас редактордың орынбасары:**

**Черепанов Константин Владимирович** — тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер, ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихы бөлімінің меңгерушісі, (Қазақстан).

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА**

**Абазов Рафис Фанисұлы** — PhD, Колумбия университетінің адъюнкт-профессоры, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректоры, Жасыл және тұрақты даму институтының директоры, МВА бағдарламасының үйлестірушісі.

**Абдырахманов Толобек Әбілұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Жүсіп Баласағын атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті (Қырғыз Республикасы, Бішкек).

**Ауанасова Әлима Мүсірқызы** — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры.

**Әбіл Еркін Аманжолұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан).

**Әлімбаев Нұрсан** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Қазақстан).

**Вернер Кунгһиа (Wegner, Cynthia)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті, (АҚШ).

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті, (АҚШ).

**Джумашев Аскар Мамбетович** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасының Ғылым Академиясы Қарақалпақстан бөлімшесінің Қарақалпақ гуманитарлық ғылымдар зерттеу институтының Тарих бөлімі меңгерушісі.

**Жаркен Айгүл Мәлікқызы** — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры.

**Кожирова Светлана Басиевна** — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан).

**Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан).

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Президентінің жанындағы ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас директоры (Қазақстан).

**Қарасаев Ғани Мұқашұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Мемлекет тарихы институтының бас ғылыми қызметкері, Астана қ.

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания).

**Муминов Әшірбек Құрбанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия, Стамбул қ.).

**Оутрам Алан** — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университетінің археология және тарих кафедрасының профессоры (Ұлыбритания, Эксетер).

**Симтиков Жомарт Құдайбергенұлы** — тарих ғылымдарының кандидаты, саясаттану ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі.

**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы** – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Президентінің жанындағы ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Астана, Қазақстан).

**Турдалиева Чолпон Жапарбекқызы** — тарих ғылымдарының докторы, Орталық Азиядағы Американ университетінің профессоры.

**Шайдуллаев Шапулат** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Термез мемлекеттік университетінің Өзбекстан тарихы кафедрасының меңгерушісі.

**Шинджи Като** — PhD, Народағы мәдени құндылықтардың ұлттық ғылыми-зерттеу институты (Жапония, Нара).

**ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР**

**Ташбаева Кадича Искандарқызы** — тарих ғылымдарының кандидаты, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Б. Жамгерчинов атындағы Тарих, археология және этнология институтының археология бөлімінің меңгерушісі.

**ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР**

**Өтегенов Марат Зеннатұлы** — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ тарих, география және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі.

**Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Астана қаласындағы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты филиалының жетекші ғылыми қызметкері.

**ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ**

**Копеева Сания Жұматайқызы** — магистр, Қазақстан мен Орталық Азия тарихы институтының қызметкері (Қазақстан)

### ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

**Жуматай Самат** — Генеральный директор Института истории Казахстана и Центральной Азии (Казахстан)

**Азмуханова Айман Махсотовна** — кандидат исторических наук, ассоциированный профессор (Казахстан)

**Заместитель главного редактора:**

**Черепанов Константин Владимирович** — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник, заведующий отделом истории Казахстана XX века Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. КН МНВО РК (Казахстан)

### РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Абазов Рафис Фанисович** — PhD, адъюнкт-профессор Колумбийского университета, проректор по международному сотрудничеству Казахского национального аграрного исследовательского университета, директор Института зеленого и устойчивого развития, координатор программы МВА.

**Абдырахманов Толобек Абилович** — доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН КР, Кыргызский государственный университет им. Жусупа Баласагына (Кыргызская Республика, г. Бишкек).

**Абиль Еркин Аманжолович** — доктор исторических наук, профессор, Институт истории государства КН МНВО РК (Казахстан).

**Алимбай Нурсан** — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК (Казахстан).

**Ауанасова Алима Мусировна** — доктор исторических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева.

**Вернер Синтия (Werner Cynthia)** — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет (США).

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США).

**Джумашев Аскар Мамбетович** — доктор исторических наук, профессор, заведующий отделом истории Каракалпакского научно-исследовательского института гуманитарных наук (Каракалпакское отделение Академии наук Республики Узбекистан).

**Жаркен Айгуль Маликовна** — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва.

**Исмагулов Оразак Исмагулович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК при Президенте РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан).

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК при Президенте РК, Генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК (Казахстан).

**Карасаев Гани Мукашевич** — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории государства Комитета науки Министерство Науки и высшего образования Республики Казахстан, г. Астана.

**Като Синдзи (Shinji Kato)** — PhD, Национальный научно-исследовательский институт культурных ценностей в Наре (Япония, г. Нара).

**Кожирова Светлана Басиевна** — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан).

**Кокебаева Гульжаухар Какеновна** — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби. (Казахстан).

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания).

**Муминов Аширбек Курбанович** — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция, г. Стамбул).

**Оутрам Алан** — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории университета Эксетере (Великобритания, г. Эксетер).

**Симтиков Жомарт Кудайбергенович** — кандидат исторических наук, доктор политических наук, заведующий кафедрой политологии и социально-философских дисциплин Казахского национального педагогического университета имени Абая.

**Турдалиева Чолпон Джапарбековна** — доктор исторических наук, профессор Американского университета в Центральной Азии.

**Шайдуллаев Шапулат** — доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории Узбекистана Термезского государственного университета.

### ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

**Ташбаева Кадича Искандаровна** — кандидат исторических наук, Заведующая отделом археологии Института истории, археологии и этнологии им. Б. Джамгерчинова Национальной академии наук Кыргызской Республики.

### НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

**Утегенов Марат Зенатович** — кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, заведующий кафедрой истории, географии и социально-гуманитарных наук НАО «Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова».

**Муканова Гюльнар Кайроллиновна** — кандидат исторических наук, профессор, ведущий научный сотрудник филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова.

### ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

**Копеева Сания Жуматаевна** — магистр, сотрудник Института истории Казахстана и Центральной Азии (Казахстан).



Published in the Republic of Kazakhstan  
Scientific Journal  
“Central Asian courier”  
Has been issued as a journal since 2025  
ISSN 3105-241X.  
Vol. 2. Is. 1, pp. 15-26, 2026  
Journal homepage: <https://sjcacourier.com/>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20  
[https://doi.org/10.64970/3105-241X\\_2026\\_2\\_1\\_15-26](https://doi.org/10.64970/3105-241X_2026_2_1_15-26)

## NATIONAL BIBLIOGRAPHY AND M. DULATULY: THE HISTORICAL SIGNIFICANCE OF THE “BIBLIOGRAPHICAL INDEX OF BOOKS PUBLISHED IN THE KAZAKH LANGUAGE”

Abikova Gulshat Masalimovna<sup>1</sup>, Bilal Yertai<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD Doctoral Student of the Faculty of History, Al-Farabi Kazakh National University; National Library of the Republic of Kazakhstan, Almaty  
<https://orcid.org/0009-0003-2489-2314>. E-mail: [abikova2014@gmail.com](mailto:abikova2014@gmail.com)

<sup>2</sup>PhD Doctoral Student of Abai Kazakh National Pedagogical University; Staff Member of the Rare Books and Manuscripts Department, National Library of the Republic of Kazakhstan, Almaty  
<https://orcid.org/0009-0006-1362-8894>. E-mail: [meirbek.sambet@ayu.edu.kz](mailto:meirbek.sambet@ayu.edu.kz)

© Institute of History of Kazakhstan and Central Asia, 2026

© Abikova A., Bilyal Y., 2026

**Abstract. Introduction.** This article explores the bibliographic structure of the work «Bibliographical Index of Books Published in the Kazakh Language» (1926) by Alash movement figure M. Dulatuly. *The aim of the study* is to determine the significance of this work in the development of Kazakh bibliographic science. *The research is based* on the original version of the index as well as scholarly literature on the history of the Kazakh book. The relevance of the topic lies in the fact that the bibliographic structure and value of the index have not been comprehensively examined. *The study employed methods* such as comparative analysis, classification, systematization, and evaluation. *As a result of the research*, the bibliographic structure and methodological features of Dulatuly’s index were identified and its importance in Kazakh bibliographic science substantiated. The empirical findings of the research can serve as a methodological foundation for subjects taught in the 6B03205 – «Library and Information Systems» program, including History of Library Science, Library Studies, Library Cataloging, and Kazakh and Foreign Bibliography, as well as for further studies in Mirzhakyp Dulatuly scholarship.

**Keywords:** Mirzhakyp Dulatuly, book science, bibliography, bibliographic index

**For citation:** Abikova G.M., Bilyalov Y. National Bibliography and M. Dulatov: The Historical Significance of the “Index of Books Published in the Kazakh Language” // Scientific Journal “Central Asian courier”. 2026. Vol. 2. No. 1. Pp. 15-26. (In Kaz.). DOI: 10.64970/3105-241X\_2026\_2\_1\_15-26

## ҰЛТТЫҚ БИБЛИОГРАФИЯ ЖӘНЕ М.ДУЛАТУЛЫ: «ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ БАСЫЛҒАН КІТАПТАР КӨРСЕТКІШІНІҢ» ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Абикова Гульшат Масалимовна<sup>1</sup>, Біләл Ертай<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих факультетінің PhD докторанты, Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы, Алматы  
<https://orcid.org/0009-0003-2489-2314>. E-mail: [abikova2014@gmail.com](mailto:abikova2014@gmail.com)

<sup>2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің PhD докторанты, ҚР Ұлттық кітапханасы Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінің қызметкері, Алматы  
<https://orcid.org/0009-0003-2489-2314>. E-mail: yertaibilal@gmail.com

**Аңдатпа.** Мақала алаш қайраткері М. Дулатұлының 1926 жылы жарық көрген «Қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіші» еңбегіндегі библиографиялық құрылымды зерттеуге арналған. *Мақаланың мақсаты* – М.Дулатұлының «Қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіші» еңбегінің қазақ кітаптану саласында қандай маңызы бар екендігін анықтау. Ізденіс материалы – «Қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіші» еңбегінің түпнұсқасы мен қазақ кітабының тарихына байланысты зерттеулер. *Тақырыптың өзектілігі* – «Қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіші» еңбегіндегі библиографиялық құрылымның өзектілігі мен маңызы толықтай қарастырылмағанында жатыр. Ізденіс мәліметтерін жүйелеу, жіктеу үдерісінде салыстырмалы талдау жүргізу, жинақтау, жүйелеу, бағалау, *әдіс-тәсілдері* қолданылды. *Ізденіс нәтижесінде* «Қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіші» еңбегіндегі библиографиялық құрылым мен библиотәсілдер анықталды, көрсеткіштің қазақ кітаптану саласында маңызы екендігі дәлелденді. Эмпирикалық талдаулар нәтижесін ЖОО-да оқытылатын 6В03205 – «Кітапханалық ақпараттық жүйелер» мамандығы бағдарламасының «Кітапхана ісінің тарихы», «Кітапханатану», «Кітапханалық каталог», «Қазақстан және шетелдік библиография» сонымен қатар, Міржақыптану саласының әдіснамалық негізі етуге болады.

**Түйін сөздер:** Міржақып Дулатұлы, кітаптану, библиография, кітаптар көрсеткіші

**Дәйексөз үшін:** Абиқова Г.М., Билялов Е. Ұлттық библиография және Міржақып Дулатов: «Қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткішінің» тарихи маңызы // Scientific Journal “Central Asian courier”. 2026. Т. 2. № 1. 15-26 бб. (Қазақш.). DOI: 10.64970/3105-241X\_2026\_2\_1\_15-26

## НАЦИОНАЛЬНАЯ БИБЛИОГРАФИЯ И М.ДУЛАТОВ: ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ «УКАЗАТЕЛЯ КНИГ, ИЗДАННЫХ НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ»

Абиқова Гүлшат Масалимовна<sup>1</sup>, Билялов Ертай<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD докторант факультета истории Казахского национального университета имени аль-Фараби; Национальная библиотека Республики Казахстан, Алматы  
<https://orcid.org/0009-0003-2489-2314>. E-mail: abikova2014@gmail.com

<sup>2</sup>PhD докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая; сотрудник отдела редких книг и рукописей Национальной библиотеки Республики Казахстан, Алматы  
<https://orcid.org/0009-0003-2489-2314>. E-mail: yertaibilal@gmail.com

**Аннотация.** *Введение.* Статья посвящена исследованию библиографической структуры труда алашевского деятеля М. Дулатова «Указатель книг, изданных на казахском языке», опубликованного в 1926 году. *Цель статьи* – определить значимость данного труда М. Дулатова в развитии казахского книгознания. *Объектом исследования* послужил оригинал «Указателя книг, изданных на казахском языке», а также исследования по истории казахской книги. *Актуальность темы* заключается в том, что библиографическая структура труда до сих пор не была полноценно изучена и оценена. В процессе исследования применялись методы сравнительного анализа, систематизации, обобщения и оценки. *В результате анализа* были выявлены библиографическая структура и библиометодические подходы, использованные в труде М.Дулатова, а также доказана его значимость для казахского книгознания. Полученные эмпирические данные могут быть использованы как методологическая база в рамках дисциплин образовательной программы 6В03205 – «Библиотечно-информационные системы»: «История библиотечного дела», «Библиотековедение», «Библиотечный каталог», «Казахстанская и зарубежная библиография», а также в миржакыповедении

**Ключевые слова:** Мыржақып Дулатов, книгознание, библиография, указатель книг

**Для цитирования:** Абиқова Г.М., Билялов Е. Национальная библиография и М. Дулатов: историческое значение «Указателя книг, изданных на казахском языке» // Scientific Journal "Central Asian courier". 2026. Т. 2. № 1. С. 15-26. (На Каз.). DOI: 10.64970/3105-241X\_2026\_2\_1\_15-26

**Кіріспе.** ХХ ғасырдың алғашқы ширегі – қазақ руханияты мен ұлттық сананың дамуында айрықша кезең ретінде ерекшеленеді. Бұл кезең қазақ халқының отарлық бұғаудан арылып, ішкі және сыртқы «тәуелсіздікке» ұмтылуының бастауы болды. Алаш қозғалысының жетекші өкілдері елдің саяси-әлеуметтік, мәдени-ғылыми салаларында елеулі істер атқарып, халық санасындағы ұлттық танымды оятуға күш салды. Аталған кезеңде қазақ баспасөзі кең қанат жайып, «Қазақ», «Айқап», «Сарыарқа», «Абай», «Сана» және т.б. басылымдарда қоғам өмірінің өзекті мәселелері көтерілді. Жазба әдебиетте роман, повесть, драма жанрлары қалыптасып, алаш санаткерлері көркем прозаның негізін салды. Аударма саласы да өркендеп, әлемдік классиканың үздік үлгілері қазақ оқырманына қолжетімді болды. Театр өнерінің дамуына да осы кезеңдегі ағартушылық қызмет пен ұлттық идеялар ықпал етті. Сонымен қатар, усул-жәдидтік бағыттағы жаңа оқу орындары ашылып, заманауи білім беру мазмұнына сай мұғалімдер даярланды. Қазақ зиялылары жаратылыстану, тіл білімі, әдебиет, тарих, математика сияқты түрлі салада оқу құралдарын ана тілінде әзірлеп, ғылым тілі ретіндегі қазақ тілінің әлеуетін арттырды. Нәтижесінде, қазақ ағартушылығының жаңа парадигмасы қалыптасып, ұлттық білім беру жүйесінің негізі қаланды.

Филол.ғ.д., әдебиетші ғалым Б.Кенжебаевтың «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» еңбегінде: «Қазақ тілінде кітап бастыру ісі бұрынғыға қарағанда ХХ ғасырдың басында едәуір дами түсті. Егер ХІХ ғасырда 70-80 жыл бойы 70 шамалы ғана кітап басылса, ХХ ғасыр басында, 1900-1917 жылдар арасында қазақ тілінде 200 кітап басылды» [1.11] деген мәлімет берсе, библиограф ғалымдар: Ү.Субханбердина, С.Есова, Д.Сейфуллина [2], Н.Сәбитов [3], Ә.Жиреншин [4], М.Бөжеев, Д.Қазбекова, К.Бегімбаева [5], Ж.Нүсіпқызы [6], Ж.Шалғынбай, Г.Илиясовалардың [7] еңбектерінде 1879 жыл мен 1922 жылдар аралығында 40-тан аса қазақ тілді оқулықтардың жарық көргені жазылады.

Сурет 1. Алғашқы қазақ оқу құралдарының аймақтық шығу картасы.



Алаш қайраткері М.Дулатұлының «Қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіші» еңбегінде: «Төңкерістен бұрын қазақша шыққан кітап аз еді. Енді өмір астананың қазанындай қайнап тұрған төңкеріс дәуірінде. Қазақ даласының ұшы-қыйыры жоқ кеңдігі, елінің тараулығы, қатынас жолдарының нашарлығы, қалалы жерлерде қазақтың аздығы бәріне де бірдей кітап дүкендерінің бола бермеуі бұл күнге шейін қазақша шыққан кітаптардың ел арасына дұрыс тарауына үлкен кедергі болып келді. Оның үстіне елдің көбі қандай кітаптар басылып жатқанын олардың мазмұнын, басын, қайдан аларын, қалай алдырарын біле алмай

келді» [8.4], – деп төңкерістен кейінгі қазақ кітаптарының көптеп басылғанын, соның салдарынан біршама еңбектердің жүйеленбей жатқанына тоқталады. Бұл жағдай қазақ кітаптарының мазмұны мен таралуы туралы ақпараттың жетіспеушілігіне алып келді.

Бұл тұрғыдан алаш қайраткері М. Дулатұлының 1926 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген «Қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіші» еңбегінің кітаптану саласындағы маңызы зор. Әсіресе, ағартушының библиографтық қызметін саралай отырып, аталмыш еңбектегі библиографиялық құрылымды анықтау зерттеудің мақсаты болып есептелінеді.

Алаш қозғалысының көрнекті өкілі М.Дулатұлының 1927 жылы жарық көрген «Қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіші» атты еңбегі – қазақ библиографиясы тарихындағы алғашқы жүйелі көрсеткіш ретінде бағаланады. Бұл еңбектің авторлығын алғаш анықтап, М.Дулатұлын библиограф ретінде ғылыми айналымға енгізген зерттеуші М.Мамажанов еді. Ғалым 1993 жылы жарық көрген «Асыл мұра: Кітап – дананың қазынасы» атты еңбегінде «Міржақып Дулатұлы – тұңғыш қазақ библиографы» атты мақала жариялап, көрсеткіштің тарихи құндылығын, библиографиялық құрылымын, қамтылған әдеби мұраның танымдық-тағылымдық маңызын терең талдайды [9].

Зерттеуші М.Мамажановқа дейінгі кезеңде аталмыш библиографиялық еңбекке қатысты деректер шектеулі болып, «Жаңа мектеп» журналының қосымшасы ретінде жарық көргені айтылғанымен оның құрастырушысы ретінде М.Дулатұлының аты атала қоймаған-ды. Бұл – кеңестік идеология шеңберінде алаш қайраткерлерінің ғылыми-шығармашылық мұрасын тасада қалдыру саясатының салдары екені даусыз.

Осы бағыттағы зерттеуді кәсіби библиографиялық тұрғыдан жалғастырған – ҚР Ұлттық кітапханасының ардагер библиографы А.Байбосынова еді. 1998 жылы жарық көрген «Қазақ библиографиясының ардагерлері» атты еңбегінде «Міржақып Дулатов – қазақтың тұңғыш библиографы» атты мақаласын жариялап, көрсеткіштің ішкі құрылымына, мазмұндық ерекшеліктеріне жан-жақты шолу жасайды [10.6]. Оның еңбегі М.Дулатұлы библиографиясының ғылыми тұрғыда жүйеленуіне, әрі тұлғаның тек ағартушылық, әдебиетші, публицистік болмысымен қатар, кәсіби библиографиялық бейнесін де тануға жол ашты.

Ал 1996 жылы белгілі алаштанушы ғалымдар Ғ.Әнес пен А.Мектеп алғаш рет «Қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіші» библиографиялық еңбегін қазіргі қаріпке түсіріп, «Жұлдыз» журналына жариялайды [11.122-144]. Бұл – отандық кітаптану мен библиография тарихы тұрғысынан аса құнды бастама болып саналады.


М.Дулатұлының «Қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіші» – тек библиографиялық дереккөз ғана емес, ХХ ғасыр басындағы қазақ баспасөзінің, әдебиеті мен ғылымының бағыт-бағдарын танытатын тарихи құжат саналады. Бұл көрсеткішті бүгінгі библиографиялық және деректану ғылымы тұрғысынан қайта зерделеу – ұлттық рухани мұраны толық тану мен бағалаудың маңызды бір тетігі болары сөзсіз.

Зерттеу сұрақтары:


1. Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлының «Қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіші» еңбегіндегі библиографиялық құрылымы мен библио-тәсілдер қандай?
2. «Қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіші» еңбегінің қазақ кітаптану саласында қандай маңызы бар?

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеу мақаласын жазу барысында салыстырмалы талдау жүргізу, жинақтау, жүйелеу, бағалау, пікірлерді қорыту әдістері қолданылды. Дерекнамалық мәлімет жинақтауда жүйелеу, бағалау, пікірлерді қорыту әдістері, ал ғылыми-зерттеу материалдары үшін дереккөз ретінде «Қазақ кітаптарының көрсеткіші» еңбегінің ҚР Ұлттық кітапханасы, Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөліміндегі түпнұсқасы пайдаланылды.

Кесте 1 Зерттеудің блок-схемасы



Сурет. 2 1926 жылы жарық көрген «Қазақ кітаптарының көрсеткіші» еңбегінің мұқабасы




Сонымен қатар, М.Дулатұлының «Қазақ кітаптарының көрсеткіші» еңбегінің библиографиялық құрылымын зерттеу барысында онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 35 респодент мамыр-маусым айларында ерікті түрде қатысты. Олардың 60%-ы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ҚызҰПУ-дың «Кітапхана ісі» мамандығында оқитын студенттер (21), 40%-ы ҚР Ұлттық кітапханасының «Ұлттық библиография» бөлімінің тәжірбиелі мамандары (14) болды.

Сауалнамаға «Google Forms» – деректерді жинау, онлайн тестілеуге мүмкіндік беретін онлайн құрал қолданылды. Сұрақтар сипатына қарай 3 бөлімнен, 10 сауалдан тұрды.


**Нәтижелер.** «Қазақ кітаптану (библиография) саласы бойынша алғашқы библиографиялық еңбек туралы бұрын соңды естідіңіз бе?» деген сауалға респоденттердің 88,6%-ы (31) «жоқ» деп жауап берсе, 11,4%-ы (4) «иә» деген нәтижені берді.

**Сурет. 3** Респоденттердің «Қазақ кітаптану (библиография) саласы бойынша алғашқы библиографиялық еңбегін білу деңгейі



«Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлының құрастыруымен жарық көрген ҚР Ұлттық кітапханасы, Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде сақталған «Қазақ кітаптарының көрсеткіші» еңбегінің түпнұсқасымен таныссыз ба?» деген сауалға респоденттердің 65,7%-ы (23) «жоқ» деп жауап берсе, 34,3%-ы (12) «иә» деген нәтижені берді.

**Сурет. 4** Респоденттердің М.Дулатұлының «Қазақ кітаптарының көрсеткіші» библиографиялық еңбегін білу деңгейі.



№1. «Міржақып Дулатұлының Қазақ кітаптарының көрсеткіші» еңбегіндегі алғысөзінде: «Кітаптың қайда, қашан басылғаны, кім шығарғаны, кім аударғаны, көлемі, басы көрсетілді. Баспасөз жүзінде сыналғандары болса, сол сындардың қысқаша қорытындылары да жазылды. Кей кітаптардың қысқаша мазмұны көрсетілді. Бәрінің бірдей мазмұнын баяндауға «көрсеткіш» аса үлкейіп кететін болды. Содан тартындық» деген тұжырымына көзқарасыңыз қандай?» деген сауалға респоденттерден төмендегідей жауаптарды алдық. (Респоденттер №1,2,3... нумерациямен шифрланды).

Кесте 2

№	ШКІР
1.	«Өте жақсы тұжырым».
2.	«Дұрыс айтылған. Бұл библиографтарға үлкен көмек».
3.	«Ол (М.Дулатұлы – авт.) «Қазақ кітаптарының көрсеткіші» еңбегінде тек кітаптың атауы мен авторын ғана емес, оның қайда, қашан шыққанын, кім шығарғанын, тіпті сын пікірлер мен қысқаша мазмұнын көрсетуге тырысқан».
4.	«Бұл тұжырым алаш қайраткерінің көрсеткіш құрастырудағы өзіндік әдісі деп ойлаймын».
5.	«Міржақып Дулатовтың бұл тұжырымы өте орынды. Ол кітап көрсеткішінде негізгі деректерді қамтып, артық мәлімет беруден саналы түрде бас тартқан. Бұл – ғылыми жүйелілік пен қысқалықты сақтауға бағытталған дұрыс шешім».
6.	«Міржақып Дулатұлының бұл тұжырымы библиографиялық еңбекке қойылатын талаптарды терең түсінгендігін көрсетеді. Ол көрсеткішті құрастырғанда мәліметтердің толық болуын мақсат еткен. Кітаптың шыққан жері мен жылы, авторы, аудармашысы, көлемі мен басы көрсетілуі – библиографиялық сипаттаманың негізгі элементтері. Сонымен қатар, сын-пікірлер мен қысқаша мазмұнды қосу еңбектің ғылыми және танымдық құндылығын арттырған».
7.	«Міржақып Дулатұлының бұл тұжырымына оң көзқараспен қарауға болады. Себебі: ғылыми жүйелілік пен практикалық тиімділікті ұштастырған. Ол өзінің «Қазақ кітаптарының көрсеткіші» атты еңбегін құрастырғанда деректердің дәлдігіне, толықтығына және пайдалануға ыңғайлы болуына ерекше мән берген».

\*\*\*

№ 2. «Төменде берілген Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлының «Қазақ кітаптарының көрсеткіші» еңбегіндегі кітаптардың сипаттамасы туралы қандай пікірлесіз?»

*Кітап сипаттамасы:*

*«Дулатұлы Міржақып. «Оқу құралы». Бастауыш мектепте екінші жыл оқылатын қирағат кітабы. Орынбор 1924 жыл. 5-ші басылуы. 126 бет. Бәсі 45 тиын».*

Кесте 3

№	ШКІР
1.	артушының ұсынған кітаптардың сипаттамасы кітапты оқырман іздеуде нақты ақпараттарды көрсеткен. Бұл – оқырмандар үшін қолайлы болуы ықтимал».
2.	«Бұл сипаттама өте нақты әрі жүйелі. Міржақып Дулатұлы кітап туралы барлық маңызды мәліметтерді – авторы, атауы, мақсаты, шыққан жері, жылы, басылым реті, бет саны мен бағасын қамтып, ғылыми библиографияға қойылатын талаптарды толық орындаған».
3.	«Меніңше бұлай жазылған өте дұрыс кітап жайлы қысқаша мазмұн болғанын құптаймын».
4.	«Қазіргі сипаттамадан онша алшақ кетпеген. Анық қандай еңбекке сүйеніп осы анықтаманы таңдағанын білсек жақсы болар еді».
5.	«Міржақып Дулатұлының кітап сипаттамасы нақты, жүйелі және библиографиялық талаптарға сай берілген. Мұндай үлгі оқырманға кітап жайлы толық ақпарат алуға мүмкіндік береді және көрсеткіштің ғылыми құндылығын арттырады».

\*\*\*

№3. Төменде берілген Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлының «Қазақ кітаптарының көрсеткіші» еңбегіндегі журналдың сипаттамасы туралы қандай пікірлесіз?»

Сурет. 5 «Қызыл Қазақстан» журналының сипаттамасы түпнұсқадан мысал



<b>ҚЫЗЫЛ ҚАЗАҚСТАН</b> Айлық журнал
Қазақстан Өлкелік партия комитетінің тілі
Жылдық бәсі. . . . . 5 сом
Жарты жылдығы. . . . . 3 сом
Жеке саны . . . . . 50 тиын
Адресі: Қызылорда қаласы. «Қызыл Қазақстан» жур. ред.

Кесте 4

№	ШҚІР
1.	«Ол журналдың шыққан уақыты, редакторы, мазмұны мен маңызы туралы қысқаша, бірақ мәнді ақпарат береді. Бұл – қазақ баспасөзінің дамуы мен қоғамдық ой-санаға ықпалын түсінуге мүмкіндік беретін құнды дереккөзі».
2.	«Бұл жерде журнал сипаттамасы толық ашылмаған сияқты. Сол кезеңдегі әдіспен жасалған болуы керек. Ал бүгінде қолданатын болса әлі де толықтырулар енгізу керек сияқты».
3.	«Міржақып Дулатұлы журнал сипаттамасын да нақты әрі жүйелі түрде берген. Онда журналдың атауы, сипаты, бағыныстылығы, бағасы мен шыққан орны көрсетілген. Бұл – басылымдарды ғылыми тіркеу мен зерттеу үшін өте құнды тәсіл».
4.	«Бұл журнал сипаттамасы Міржақып Дулатұлының библиографиялық мәдениетінің жоғары деңгейде болғанын көрсетеді. Ол тек кітаптарды емес, мерзімді басылымдарды да дәл әрі құрылымды сипаттап, кейінгі ұрпаққа нақты дерек қалдырған. Бұл оның ұлт руханиятына сіңірген зор еңбегінің бір көрінісі».
5.	«Журналға жазылуға, сатып алуға оқырманды тарту ретінде беріліпті».

\*\*\*

№4. «Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлының «Қазақ кітаптарының көрсеткіші» еңбегіндегі кітаптарға берілген сынға көзқарасыңыз қандай? Библиографиялық еңбекте мұндай сын болуы шарт па? Көрсеткіштің құрылым жүйесіне мұндай сын қалай әсер етеді?»

Кесте 5

№	ШҚІР
1.	«Сол кезде шыққан кітаптардың көбісіне сын жазу нормалардың бірі болды. Басты орында тілі, өйткені көбісі Қазан Уфа, Ташкент қалаларында білім алып, тілдері татар, өзбек, араб тілдерге бұрмалап кететін».
2.	«Міржақып Дулатұлының кітаптарға берген сыни көзқарасы – еңбектің ғылыми құндылығын арттырып, оқырманға бағыт-бағдар береді. Библиографиялық еңбекте мұндай сын болуы міндетті емес, бірақ оның болуы көрсеткішті жай тізімнен көтеріп, мазмұндық тұрғыдан байытады».
3.	«Сынның болуы шарт деп есептеймін. Сол арқылы көбірек жетістікке, одан да жақсы деңгейге жетуге болады».
4.	«Көрсеткіште сынның болуы орынды. Қазіргі заманғы көрсеткіштерде сын беріледі».
5.	«Міржақып Дулатұлының пікірлері жақсы сипаттама береді. Мұндай сынның болуы шарт деп ойламасам да, оның болғаны оқырманға бағдар беруге немесе шешім қабылдауға көмегін тигізеді».
6.	«Міржақып Дулатұлының кітаптарға берген сыни бағасы – өте орынды әрі маңызды тәсіл. Бұл пікірлер тек сипаттап қана қоймай, оқырманға бағыт-бағдар береді. Библиографиялық еңбекте мұндай қысқа сындар болуы шарт емес, бірақ болса еңбектің ғылыми, танымдық құндылығын арттырады. Мұндай сын көрсеткіш құрылымына қалай әсер етеді? Көрсеткіш мазмұндырақ болады; Оқырман мен зерттеушіге нақты бағалау мүмкіндігін береді. Бірақ тым көп болса, көлемі артып, негізгі мақсаттан дерек беру функциясынан алшақтап кетуі мүмкін. Демек, Міржақып бұл тәсілді орынды әрі шектеулі түрде қолданған».

7.	«Библиографиялық көрсеткіште сын жазу шарт емес».
8.	«Библиографтардың мақсаты жалпы қысқаша кітап туралы толық мәлімет беру, сын болуы дұрыс месе деп ойлаймын. Кітапқа сында сол саланың маман ғалымдары берсе дұрыс болар».
9.	«Міржақыптың кітаптарға сын беруі – көрсеткіштің ғылыми-аналитикалық мазмұнын күшейткен ерекше әдіс. Бұл библиографияны жай тізім емес, рухани-мәдени әрі педагогикалық кеңістіктің көрінісі ретінде ұсынған жаңашыл тәсіл».
10.	«Міржақып Дулатұлының кітаптарға берген сыни пікірлері тек сипаттама емес, сонымен қатар библиографиялық еңбекке бағалау мен бағыт-бағдар беруші қызмет те жүктейтінін көрсетеді. Мұндай сын библиографияда міндетті емес, бірақ көрсеткіштің сыни деңгейін арттырып, оқырманға кітаптың сапасын бағалауға көмектеседі».

\*\*\*

№5. Міржақып Дулатұлының библиографиялық еңбегіндегі библиографиялық құрылымдар туралы бөліскіңіз келетін қосымша пікіріңіз немесе ойыңыз бар ма?

Кесте 6

№	ПІКІР
1.	«Қосымша айтатын болсам, Міржақып Дулатұлының библиографиялық еңбегіндегі құрылымдар жүйелі және ғылыми талаптарға сай құрылған. Әр кітаптың атауы, авторы, шыққан жылы, орны, аудармашысы, көлемі, кейде мазмұны мен сыны қамтылған».
2.	«Қосымша пікір ретінде мынаны айтуға болады: Міржақып Дулатұлының библиографиялық еңбегіндегі құрылымдар – өз дәуірі үшін жаңашыл әрі ғылыми жүйеленген үлгі болды. Ол автор, атау, мазмұн, шыққан жері мен жылы, көлемі, бағасы сияқты маңызды мәліметтерді нақты әрі бірізді форматта беріп, қазақ библиографиясының негізін қалады деуге болады».
3.	«Иә, Міржақып Дулатұлының «Қазақ кітаптарының көрсеткіші» атты еңбегі – қазақ библиографиясы тарихындағы тұңғыш кәсіби жүйеленген және құрылымды еңбек деп бағалануға толық лайық. Ол тек Алаш қозғалысының ағартушы идеяларын емес, библиография мәдениетінің негізін де қалдырған тұлға екенін дәлелдеді».
4.	«Міржақып Дулатұлы еңбегіндегі библиографиялық құрылым жүйелі, нақты әрі ғылыми талаптарға сай құрылған. Ол тек мәлімет беріп қана қоймай, кітаптың мазмұны мен сапасына қатысты бағалау енгізу арқылы көрсеткіштің танымдық құндылығын арттырған».

**Талқылау.** М.Дулатұлының «Қазақ кітаптарының көрсеткіші» еңбегі қайраткердің Қызылорда қаласындағы Мемлекет баспасының қазақ бөлімін басқарушы қызметін атқарған уақытындағы құрастырған библиографиялық кітабы. Аталмыш еңбек «Жаңа мектеп» журналының 3-санына қосымша ретінде басылған.

Көрсеткіш – 10 бөлім және Қосымша, мерзімді әдебиет тарауынан тұрады. Соңғы бетінде «Қазақстан Мемлекеттік баспасы әдебиеттің неше түрлісін басып, таратады» деген атаумен аталмыш баспа туралы шағын жарнама берілген.

*Құрылымдық сипаттамасы:*

- Жалпы кітаптың түпнұсқадағы көлемі – 112 бет (ені – 16, ұзындығы – 23,5 см).
- 2000 данамен жарық көрген. Төте қаріпте басылған.
- 111 беттен тұрады.
- Бастырушы – Қызылорда қаласындағы «Казгосиздат» баспасы. Көрсеткіштің түпнұсқасы ҚР Ұлттық кітапханасы, Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде сақталған.
- Сирек қордағы шифр номері – 016.Қ 17.
- «Қорды толықтыру» қызметіндегі инвентарь кітапшадағы мәліметтер бойынша аталмыш еңбек ҚР Ұлттық кітапханасы, Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорына 1961 жылдың 29-желтоқсанда түскен.
- Көрсеткіште барлығы 272 кітап. 14 мерзімді әдебиеттің (3-журнал, 11-газет) библиографиясы берілген.

Кесте 7. «Қазақ кітаптарының көрсеткіші» еңбегінің құрылымдық сипаты

№	ТАРАУ АТАУЫ	КІТАП САНЫ	ПАЙЫЗДЫҚ ҮЛЕСІ
1.	«Оқу кітаптары, құралдары»	31	11,4%
2.	«Тәрбие оқыту әдістері»	16	5,8%
3.	«Саяси-ағарту әдебиеті»	43	15,8%
4.	«Ленин кітапханасы»	13	8,5%
5.	«Жастар, әйелдер қозғалысы»	17	6,3%
6.	«Қара шаруа әдебиеті»	32	11,8%
7.	«Білім әдебиеті»	17	6,3%
8.	«Халық әдебиеті, кестелі әдебиеті»	44	16,2%
9.	«Заң әдебиеті»	12	4,4%
10.	«Програм, ереже, қаулы-қарарлар»	31	11,4%
11.	«Қосымша кітаптар»	6	2,2%
	<b>ЖИЫНЫ:</b>	<b>272</b>	<b>100%</b>

Кесте 8. «Қазақ кітаптарының көрсеткіші» еңбегіндегі кітаптардың қай қалада басылғандығы туралы ақпарат

№	ҚАЛА АТАУЫ	КІТАП САНЫ	ПАЙЫЗДЫҚ ҮЛЕСІ
1.	Орынбор	78	47,5%
2.	Ташкент	36	22%
3.	Қызылорда	25	15,2%
4.	Мәскеу	22	13,4%
6.	Қазан	1	0,6%
7.	Қостанай	1	0,6%
8.	Семей	1	0,6%

Көрсеткіште 272 кітаптың 40-на (14,7%) сын (сипаттама) берілген. Ал сынның басым көпшілігі сол уақыттағы мерзімді әдебиеттерден (19) алынған.

«Қазақ кітаптарының көрсеткіші» еңбегінде берілген сындарды жүйелесек негізгі критерийлер көбіне кітаптың төмендегі сипаттарына байланысты сыналған:

1. **ІШКІ ҚҰРЫЛЫМЫ:** аударма сапасы, сөйлем құрылысы, ой жүйелілігі (қазақ танымына сайлылығы), тіл түсініктілігі, мазмұндылығы, қызықтылығы, оқытуға қолайлылығы (егер оқулық болса);

2. **СЫРТҚЫ ҚҰРЫЛЫМЫ:** кітаптың сыртқы сапасы (мұқабасы, суреттерінің тартымдылығы), қолжетімділігі (қайта басылатындығы, таусылғандығы туралы ақпараттың берілуі).

Кесте 9. «Қазақ кітаптарының көрсеткіші» еңбегіндегі кітаптарға берілген сын сипаттамасы

№	МЕРЗІМДІ ӘДЕБИЕТТЕР АТАУЫ	КІТАП АТАУЫ	СЫН
1.	«Еңбекшіқазақ»	А.Богданов. «Тұрмыс жүйесі білімнің қысқаша курсы». Қазақшаға аударушы Шонанұлы Телжан. Кітаптың аяғында осы кітапта ұшырайтын Қазақстан білім-әдебиет кеңесі қабыл етіп алған пән сөздерінің мәнісі бірге басылған. 1-ші басылуы. Орынбор. 1924 жыл. 316 бет. Бәсі 1 сом 55 тиын.	«Бұл кітаптың сөзі түсінікті. Телжан орыс кітабын қазақшаға аударуға шебер. Бұл кітаптың сыры біздің қазақтың ойына жат. Мұндағы ойды қазақ ойлаған емес. Кітаптың қиын көрініп тұрғаны кітаптан емес, кітаптың қазаққа негізі, сыры жаттығынан».  «Еңбекші қазақ» газеті. №336, 1925 жыл.

2.	«Қызыл Қазақстан»	Коваленко. «Саяси кітапша». Аударушы У. Орынбор. 1923 жыл. 81 бет. Бәсі 30 тиын.	«Қазақшасының тілі түсінікті, қазаққа түсінікті, миына сіңімді қылып аударылған. Қазақшасының ішінде оқыған қазақ түгіл оқымаған жай қазақ түсінбестей я сөз, я ой жоқ. Қазақшасы ұғымды. <b>«Қызыл Қазақстан» журналы. №17-18, 1923 жыл.</b>
3.	«Книга ночи»	Садуақасұлы Смағұл. «Кооперация әм қазақ шаруасы». Орынбор. 1924 жыл. 25 бет. Бәсі 35 тиын.	«Кооперацияның соңғы бабтары қазақ арасында кооперация істерін жүргізу жайында сөйлейді. Кітапша қызғылықты, жатық, жеңіл, тілмен жазылған. Хат білетн қазақтың бәріне де түсінікті...». <b>«Книга ночи» журналы.. № 8. 1925 жыл.</b>
4.	«Сана»	«Күн күркіреуі мен найзағай». Орышадан аударушы Басықара ұлы Жүсіпбек. Ташкент. 1923 жыл. 45 бет. Бәсі 20 тиын.	«Кітап ұғымды тілмен жазылған. Найзағайдың әлденеше түрде, түсте болатыны, электрдің қандай нәрселерден шығатыны, найзағайдың электрден пайда болатындығы, найзағайды тексерген білімпаздардың, тәжірибесі, күн күркіреудің себебі, найзағайдың, қандай зиян келтіретіні, найзағайдан сақтану жолы толық жазылған...». <b>«Сана» журналы. №2-3, 1924 жыл.</b>

**Қорытынды:** Зерттеуімізді қорытындылай келе, алаш қайраткері М.Дулатұлының «Қазақ кітаптарының көрсеткіші» кітабының қазақ кітаптану (библиография) саласының қалыптасуындағы алғашқы еңбектердің бірі екендігіне көзіміз жетті. Нәтижелер «Қазақ кітаптарының көрсеткіші» еңбегіндегі библиографиялық мәліметтердің қазіргі кітаптану саласындағы маңызы бар екендігін көрсетеді. Сондықтан да «Қазақ кітаптарының көрсеткіші» еңбегіндегі тұжырымдар мен библиографиялық тәсілдерді қолданудың маңызы жоғары. Десек те, осы орайда бірқатар ұсыныс білдіруге болады.

Біріншіден, зерттеуіміздің нәтижесі көрсеткендей, ағартушының осы еңбегіне алдағы уақыттарда кешенді библиографиялық талдау қажет;

Екіншіден, «Қазақ кітаптарының көрсеткіші» еңбегіндегі мәліметтерді әлемдік библиография саласының контекстінде қарастыру керек;

Үшіншіден, ЖОО-да оқытылатын «Кітапханалық ақпараттық жүйелер» мамандығы бағдарламасының «Кітапхана ісінің тарихы», «Кітапханатану», «Кітапханалық каталог», «Қазақстан және шетелдік библиография» пәндерінің ХХ ғасырдағы кезеңіне әдіснамалық негіз етуге болады. Өйткені М.Дулатұлының еңбегіндегі библиографиялық тәсілдер мен тұжырымдардың ЖОО-да оқытылуы білім алушылардың салалық тәжірибиесін байытуы мүмкін.

#### References

- Kenzhebayev, 1976 — Kenzhebayev B. Kazakh Literature of the Early 20th Century. Almaty: Mektep, 1976. 265 p.
- Sabitov, 1948 — Sabitov N. Bibliographic Index of Kazakh Literature (1862–1917). Almaty, 1948. 186 p.
- Zhirenshin, 1971 — Zhirenshin A. From the History of Kazakh Books. Almaty: Kazakhstan, 1971. 178 p.
- Yesova et al., 1986 — Yesova S., Subkhanberdina U., Seyfullina D. Kazakh Books (Bibliographic Index 1807–1917). Almaty, 1986. 285 p.
- Bozheev et al., 1978 — Bozheev M., Kazbekova D., Begimbayeva K. Literary Books Published in the Kazakh Language Before the Revolution. Almaty, 1978. 170 p.
- Kari, 1998 — Kari Zh.N. Union Catalogue (1806–1917). Almaty: National Library of the Republic of Kazakhstan, 1998. 177 p.

Shalgynbay, Ilyasova, 2014 — Shalgynbay Zh., Ilyasova G. *Kazakh Books in the Collections of Libraries, Archives, and Museums of Kazakhstan and Russia (19th – Early 20th Century): Historical and Source Studies*. Almaty, 2014. 398 p.

Index of Books..., 1926 — Index of Books Published in the Kazakh Language. Kyzylorda: State Publishing House of Kazakhstan, 1926. 112 p.

Mamazhanov, 1993 — Mamazhanov M. Mirzhakyp Dulatuly – the First Kazakh Bibliographer. In: *Asyl mura: The Book is the Treasure of Wisdom*. Almaty: Kazakhstan, 1993. Pp. 81–89.

Baibosynova, 1998 — Baibosynova A. Mirzhakyp Dulatov – the First Kazakh Bibliographer. In: *Figures of Kazakh Bibliography*. Almaty, 1998. Pp. 6–11.

Änes, Mektap, 1996 — Änes G., Mektap A. Index of Books Published in the Kazakh Language. Zhuldyz, 1996. No. 4. Pp. 122–144.

#### Әдебиеттер тізімі

Кенжебаев, 1976 — Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы: Мектеп, 1976. 265 б. (Қаз.).

Сәбитов, 1948 — Сәбитов Н. Қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші (1862–1917). Алматы, 1948. 186 б. (Қаз.).

Жиреншин, 1971 — Жиреншин Ә. Қазақ кітаптарының тарихынан. Алматы: Қазақстан, 1971. 178 б. (Қаз.).

Есова және т.б., 1986 — Есова С., Субханбердина Ү., Сейфуллина Д. Қазақ кітаптары (библиографиялық көрсеткіш 1807–1917). Алматы, 1986. 285 б. (Қаз.).

Бөжеев және т.б., 1978 — Бөжеев М., Қазбекова Д., Бегімбаева К. Революцияға дейінгі қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптар. Алматы, 1978. 170 б. (Қаз.).

Кәрі, 1998 — Кәрі Ж.Н. Жиынтық каталог (1806–1917). Алматы: Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы, 1998. 177 б. (Қаз.).

Шалгынбай, Ильясова, 2014 — Шалгынбай Ж., Ильясова Г. *Казахская книга в собрании библиотек, архивов и музеев Казахстана и России (XIX – начало XX вв.): историко-источниковедческие исследования*. Алматы, 2014. 398 с.

Қазақ тілінде басылған кітаптарды көрсеткіш, 1926 — Қазақ тілінде басылған кітаптарды көрсеткіш. Қызылорда: Қазақстан мемлекет баспасы, 1926. 112 б. (Қаз.).

Мамажанов, 1993 — Мамажанов М. Міржақып Дулатұлы – тұңғыш қазақ библиографы // *Асыл мұра: Кітап – дананың қазынасы*. Алматы: Қазақстан, 1993. 81–89 б. (Қаз.).

Байбосынова, 1998 — Байбосынова А. Міржақып Дулатов – қазақтың тұңғыш библиографы // *Қазақстан библиографиясының қайраткерлері*. Алматы, 1998. 6–11 б. (Қаз.).

Әнес, Мектеп, 1996 — Әнес Г., Мектеп А. Қазақ тілінде басылған кітаптарды көрсеткіш // *Жұлдыз*. 1996. № 4. 122–144 б. (Қаз.).

## CONTENTS / МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

<b>Abdulina A.T.</b> EYEWITNESS MEMORIES OF THE FAMINE OF THE 1930S IN KAZAKHSTAN: QUESTIONS OF SOURCE STUDIES AND REFLECTION OF EVERYDAY LIFE.....	4
<b>Абикова Г.М., Билялов Е.</b> ҰЛТТЫҚ БИБЛИОГРАФИЯ ЖӘНЕ М.ДУЛАТУҰЛЫ: «ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ БАСЫЛҒАН КІТАПТАР КӨРСЕТКІШІНІҢ» ТАРИХИ МАҢЫЗЫ.....	15
<b>Ахмедов Ш.Ф.</b> ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В СФЕРЕ ЖИВОТНОВОДСТВА УЗБЕКСКОЙ ССР И ЕЁ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПОСЛЕДСТВИЯ.....	27
<b>Badalzade G.</b> EXPLORING SOCIAL INCLUSION OF CHILDREN WITH DOWN SYNDROME IN AZERBAIJANI PRIMARY SCHOOLS: A QUALITATIVE STUDY.....	36
<b>Beisembayeva A.R.</b> SOME ASPECTS OF ABLAI KHAN’S RELATIONS WITH THE ALATAU KYRGYZ IN THE 1760S–1780S: BASED ON RUSSIAN ARCHIVAL DOCUMENTS.....	46
<b>Jabbarli Yu.</b> PERSONNEL POLICY IN THE AZERBAIJAN (1970s).....	59
<b>Zhumatay S.</b> THE FORMATION AND PUBLICATION HISTORY OF THE QAZAQ TILI NEWSPAPER.....	65
<b>Капасова Г., Садвакасова Ж., Урюстюмова А.</b> ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫРҒЫЗСТАНДАҒЫ МӘДЕНИ-ТАРИХИ ТУРИЗМНІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ (2000–2023 ЖЖ.).....	78
<b>Rakhmetova A., Sarsembayeva G.</b> DEMOGRAPHIC CONSEQUENCES OF THE 1990S CRISIS IN EASTERN KAZAKHSTAN.....	90
<b>Саидова Р.И.</b> РЕСПУБЛИКА УЗБЕКИСТАН В СОВРЕМЕННОЙ СИСТЕМЕ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ.....	101
<b>Сманова А.М.</b> XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫҢ ҚАЗІРГІ ОТАНДЫҚ ТАРИХТА ОҚЫТЫЛУ МӘСЕЛЕСІ (АКАДЕМИК К.НҰРПЕЙІСТІҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІ МЫСАЛЫНДА).....	113
<b>Сүлейменова А.Т.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНДЕР ҚҰРБАНЫ – ҒАЛЫМ, АГРОНОМ СМАҒҰЛ ҚАЗБЕКОВ.....	125
<b>Тангиров Ш.А.</b> АНАЛИЗ ИСТОЧНИКОВ О РУССКОЙ МЕДИЦИНСКОЙ СИСТЕМЕ И ОТНОШЕНИИ К НЕЙ МЕСТНОГО НАСЕЛЕНИЯ В ЗАРАФШАНСКОМ ОКРУГЕ И САМАРКАНДСКОЙ ОБЛАСТИ В ПЕРИОД РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ.....	144
<b>Темирханов Б., Сәмбет М.</b> ӘМӘУИ ӘУЛЕТІНІҢ БІЛІККЕ КЕЛУІ ЖӘНЕ ИСЛАМ ТАРИХЫНДАҒЫ ЖАҢА САЯСИ КЕЗЕҢ.....	152
<b>Cherepanov K.</b> PARTY-STATE ACTIVITY D. KUNAEV IN 1955-1962.....	161

**Редакцияның мекен-жайы:**

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғ., 11/5  
Қазақстан және Орталық Азия тарихы институты  
Scientific Journal “Central Asian courier” редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://sjcacourier.com/>  
Тел.: +7 (776) 301-11-11 (Ұялы телефон)  
+7 (775) 537-77-72 (whatsapp)

E-mail: [hkca.kz@gmail.com](mailto:hkca.kz@gmail.com)

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде  
2025 ж. 20 маусымда тіркеліп, № KZ20VPY00122471 куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге  
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.